

## Орталық аттестациядан өткізу комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1997 жылғы 26 шілде N 343 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 343. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 1997.11.24. N 110 бұйрығымен.

1. Бұдан әрі мәтін бойынша "Орталық комиссия" аталатын Орталық аттестациядан өткізу комиссиясы аймақтық аттестациядан өткізу комиссияларының шешімдеріне шағымдарды қарау, аттестация басталған күннен бастап бір жыл ішінде аттестациядан өту үшін аймақтық аттестациялық комиссияға дәлелді себептермен екі рет келмей қалған мемлекеттік нотариустарды аттестациядан өткізу, сондай-ақ нотариустарды аттестациядан өткізу үшін сұрақтар тізбесін бекіту үшін құрылады.

2. Орталық комиссия Қазақстан Республикасының Әділет министрі тәжірибелі нотариустар, басқа заң кәсіптерінің жоғары білікті мамандары, сондай-ақ ғалым-заңгерлер санынан құрады.

3. Орталық комиссияның қызметіне басқаруды Қазақстан Республикасының Әділет министрі жүзеге асырады.

4. Орталық комиссияның хатшысы Әділет министрлігі аппараты жұмыскерлерінің ішінен тағайындалады.

5. Орталық комиссияның мәжілістері қажеттілігіне қарай өткізіледі.

6. Аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының шешіміне шағымды аттестациядан өте алмаған нотариус аймақтық комиссия шешімінің көшірмесін алған күннен бастап он күндік мерзім ішінде береді.

7. Орталық комиссияға берілген шағым тіркеуге жатады және оны қарау күні туралы мәлімдеушіге комиссия мәжілісіне дейін жеті күн қалғаннан кешіктірілмей хабарланады.

8. Орталық комиссия аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының шешіміне шағымды аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясынан бастапқы жадығаттардың көшірмелерін талап етіп, оның келіп түскен күнінен бастап отыз күн ішінде қарайды және мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

- (аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының шешімін жоя отырып) нотариусты аттестациядан өткізу туралы;

- аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының нотариусы аттестациядан өткізбеу туралы шешімімен келісу туралы.

9. Аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясының шешіміне шағым берген адам Орталық комиссияның мәжілісіне қатысуға және қажетті түсініктемелер беруге қ ұ қ ы л ы .

10. Шағым берген адамға Орталық комиссия қажет болған жағдайда қосымша сұрақтар қоя алады, оларға жауаптар жазбаша немесе ауызша беріледі.

11. Орталық комиссия аттестациядан өту үшін аймақтық аттестациядан өткізу комиссиясына дәлелді себептермен екі рет келмей қалған нотариустарды, аймақтық аттестациядан өткізу комиссиялары үшін белгіленген тәртіпте аттестациядан өтетін адамның жазбаша арызы мен аймақтық

аттестациядан өткізу комиссиясына келмеу себептерінің дәлелділігін растайтын құжат негізінде аттестациядан өткізеді.

12. Егер Орталық комиссияның мәжілістеріне оның мүшелерінің кемінде төрттен үш бөлігі қатысса, мәжілістер заңды болып табылады.

13. Егер Орталық комиссияның шешімі үшін комиссия мүшелерінің жалпы санына кемінде үштен екі бөлігі дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептеледі.

Дауыс теңдігі жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Дауысқа салу ашық өткізіледі.

Қабылданған шешім туралы мәлімдеушіге немесе аттестациядан өтушіге сол күні жазбаша түрде хабарланады.

Шешімге мәжіліске қатысушы барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Орталық комиссияның шешімі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде сақтауда қалады.

14. Орталық аттестациядан өткізу комиссиясының шешімдері үзілді-кесілді болып табылады.